

Әкімшілік рәсімдер туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы N 107 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ Кодексімен

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Заңның күші жойылды - ҚР 25.06.2020 № 350-VI Кодексімен (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

Осы Заң басқару қызметін ұйымдастыруды жетілдіруге, мемлекеттік органдардың іркіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, басқарушылық шешімдерді жедел қабылдауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтауға, мемлекеттік мұдделерді қорғауға, мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық өкілеттікті қызметтен тыс мақсаттарда пайдалануына жол бермеуге жәрдемдесетін әкімшілік рәсімдерді белгілеуге бағытталған.

Ескерту. Кіріспеге өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.06.18 N 262; 15.04.2013 N 89-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Әкімшілік рәсімдер деп:

1) мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың мемлекеттік функциялар мен лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыру кезінде шешімдер қабылдау мен орындау тәртібі және оларды ресімдеу, оның ішінде электрондық нысанда ресімдеу;

2) мемлекеттік аппараттың жұмысын ұйымдастыру рәсімі;

3) азаматтардың өз құқықтарын іске асыру жөніндегі өтініштерін қарau рәсімдері, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен занды мұдделерін әкімшілік қорғау рәсімдері;

4) экономика саласындағы шешімдер қабылдау рәсімдерінің негізгі бастаулары ұғынылады.

1-1. Қызметтік ақпарат деп меншік иесі, иеленушісі немесе пайдаланушысы мемлекет болып табылатын, мемлекеттік функцияларды орындау кезінде жасалатын, өндөлетін және берілетін ақпарат түсініледі.

2. Мемлекеттік органдар деп мемлекет атынан Конституция, зандар, өзге де нормативтік құқықтық актілер арқылы:

1) жалпыға бірдей міндettі мінез-құлық ережелерін белгілейтін актілер шығару;

2) әлеуметтік мәні бар қоғамдық қатынастарды басқару мен реттеп отыру;

3) мемлекет белгілеген жалпыға бірдей міндettі мінез-құлық ережелерінің сақталуына бақылау жасау жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік мекемелер үғынылады.

2-1. Мемлекеттік органның құзыretі деп мемлекеттік орган қызметінің нысанасын айқындастын оның белгіленген өкілеттіктерінің жиынтығы үғынылады;

мемлекеттік органның өкілеттіктері деп мемлекеттік органның құқықтары мен міндettteri үғынылады;

мемлекеттік органның құқықтары деп белгілі бір іс-әрекетті жасау, басқа тұлғадан (басқа тұлғалардан) белгілі бір мінез-құлықты (іс-әрекетті немесе іс-әрекет жасаудан тартынуды) талап ету мүмкіндігі үғынылады;

мемлекеттік органның міндetttemeleri деп мемлекеттік орган орындауга міндettі іс-әрекет шеңбері үғынылады;

мемлекеттік органның міндettteri деп мемлекеттік орган қызметінің негізгі бағыттары үғынылады;

мемлекеттік органның функциялары деп мемлекеттік органның қызметті өз құзыretі шегінде жүзеге асыруы үғынылады.

Мемлекеттік органның құзыretі, өкілеттігі, функциялары мен міндettteri Конституцияда, зандарда және Президент, Үкімет, өзінен жоғары тұрган орталық мемлекеттік орган қабылдайтын өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленеді.

2-2. Алынып тасталды - ҚР 15.04.2013 N 89-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-3. Алынып тасталды - ҚР 15.04.2013 N 89-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-4. Алынып тасталды - ҚР 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

2-5. Алынып тасталды - ҚР 15.04.2013 N 89-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-6. Алынып тасталды - ҚР 15.04.2013 N 89-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-7. Алынып тасталды - ҚР 15.04.2013 N 89-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-8. Алынып тасталды - ҚР 15.04.2013 N 89-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-9. Алынып тасталды - ҚР 15.04.2013 N 89-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-10. Алынып тасталды - ҚР 15.04.2013 N 89-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-11. Мәліметтер нысаны - мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келетіні туралы ақпаратты қамтитын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген электрондық немесе өзге де нысандағы күжат.

2-12. Ішкі бақылау – мемлекеттік орган өз құрылымдық және аумақтық бөлімшелерінің, ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, лауазымды адамдардың мемлекеттік орган қабылдаған шешімдерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындаудына жүзеге асыратын бақылау.

2-13. Бәсекелес орта деп квазимемлекеттік сектор субъектілерін қоспағанда, нарық субъектілері түсініледі.

2-14. Мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті орган деп орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру бойынша басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган түсініледі.

2-15. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын орындаушылар (бұдан әрі – орындаушылар) деп орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын осы Занда белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері мен олардың бірлестіктері, өзін-өзі реттейтін және үкіметтік емес ұйымдар түсініледі.

2-16. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын пайдаланушылар (бұдан әрі – пайдаланушылар) деп жеке және заңды тұлғалар түсініледі.

2-17. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар функцияларының аутсорсингі (бұдан әрі – аутсорсинг) деп орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын шарттар жасасу арқылы жүзеге асыру үшін оларды бәсекелес ортаға беру түсініледі.

2-18. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың берілген функцияларының мониторингі (бұдан әрі – мониторинг) деп орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын жүзеге асыру жөніндегі деректерді жүйелі түрде және үздіксіз жинауға, өндеуге, талдауға және бағалауға бағытталған іс-шаралар жиынтығы түсініледі.

2-19. Мұдделі тұлғалар деп құқықтары мен міндеттері осы Занда қозғалатын және орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың пікірі бойынша олардың функцияларын бәсекелес ортаға беру мәселелері бойынша жәрдем көрсете алатын қәсіпкерлік субъектілері мен олардың бірлестіктері, өзін-өзі реттейтін және үкіметтік емес ұйымдар түсініледі.

2-20. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын толық беру деп орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың құзыретінен функцияларды алып тастау және олардың жүзеге асырылуын міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеу арқылы немесе пайдаланушылар есебінен бәсекелес ортаға беру түсініледі.

Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын ішінара беру деп орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын аутсорсинг, мемлекеттік тапсырма және (немесе) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы жүзеге асыру түсініледі. Бұл ретте, функция орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың құзыретінен алып тасталмайды.

2-21. Оңтайландыру деп орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың штат санын қысқартуға, шығыстарын қысқартуға және (немесе) қайта бөлуге бағытталған, оның ішінде функцияларын бәсекелес ортаға беруге байланысты шаралар кешені түсініледі.

3. Лауазымды адамдар деп осы Занда мемлекеттік функцияларды (өкімет өкілінің функцияларын) тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе өкімшілік-шаруашылық функцияларын орындайтын адамдар ұғынылады.

Конституцияның, зандардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарына байланысты лауазымды адамдар өздеріне жүктелген функцияларды:

1) жеке-дара өкім жүргізу тәртібімен мемлекеттің нақты лауазымды адамының атынан;

2) нақты мемлекеттік органда шешімдер қабылдаудың зандарда көзделген тәртібіне байланысты жеке-дара өкім жүргізу тәртібімен не алқалық тәртіппен нақты мемлекеттік органның және оның құрылымдық бөлімшелерінің атынан жүзеге асыра алады.

4. Алынып тасталды - ҚР 16.05.2014 № 203-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Алынып тасталды - ҚР 16.05.2014 № 203-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 1-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.03.12 № 536, 2007.06.18 № 262, 2008.12.04 № 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.04.02 № 263-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.07.15 № 337-IV (

қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.04.01 № 425-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.21 № 468-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2013 № 89-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 16.11.2015 № 404-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 250-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.11.2019 № 272-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

2-бап. Осы Заңның қолданылу шектері

1. Осы Заңда көзделген әкімшілік рәсімдер заң актілерімен реттелмеген бөлігінде:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің, Мемлекет басшысының қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың, Президентке тікелей бағынысты және есеп беретін мемлекеттік органдардың;

2) Қазақстан Республикасының Парламенті Палаталары, Орталық сайлау комиссиясы аппараттарының;

3) Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Жоғарғы Соты мен өзге де соттары аппараттарының;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Премьер-Министрі Кеңесінің, орталық атқарушы органдарының;

5) Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді органдары аппараттарының;

6) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының қызметінде қолданылады.

7) алынып тасталды - ҚР 15.04.2013 N 89-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы Заңда көзделген рәсімдердің күші:

1) азаматтардың өтініштерін қарauғa және қаралу тәртібі әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарда, қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу заңдарында белгіленген өзге де істерді қарauғa;

2) дайындалу рәсімі өзге заң актілерінде көзделген нормативтік құқықтық актілерді дайындауға;

3) жүзеге асырылу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін стратегиялық, бюджеттік және экономикалық жоспарлау түрлеріне қолданылмайды.

Ескерту. 2-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.06.18 N 262, 2010.04.02 № 263-IV (01.01.2010 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.04.2013 N 89-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Зандарамен.

3-бап. Әкімшілік рәсімдерді белгілеу қағидаттары

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 15.04.2013 N 89-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Зандарамен.

Осы Занда көзделген әкімшілік рәсімдер:

- 1) зандаудың;
- 2) төменгі мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың жоғары тұрған органдар мен лауазымды адамдарға бағынуы;
- 3) заң мен сот алдында баршаның теңдігі;
- 4) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының басымдығы, азаматтар мен ұйымдардың өтініштерін қарау кезінде төрешілдік пен сөзбүйдалық көріністеріне жол бермеу;
- 5) әкімшілік рәсімдерінде көзделген іс-әрекеттер мен актілердің барлық азаматтар, ұйымдар мен лауазымды адамдар үшін міндettілігі;
- 6) жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің өзара жауапкершілігі мен мұдделерінің теңбе-тен болуы;
- 7) мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпия туралы зандауды қатаң сақтай отырып, қоғамдық пікір мен жариялышты ескеру;
- 8) мемлекеттік биліктің беделін қолдау мен Қазақстан Республикасының беделін түсіретін және мемлекеттік қызмет мұдделеріне қайшы келетін іс-әрекеттерге жол бермеу, соның ішінде сыйайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұру, мемлекеттік қызметшілер үшін зандауда белгіленген тыйымдар мен шектеулерді қатаң сақтау;
- 9) барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар үшін әкімшілік рәсімдер талаптарының бірынғай болуы;
- 10) барлық мемлекеттік органдар мен мемлекеттің лауазымды адамдары құзыреттерінің ара-жігін айқын межелеу және олардың келісе отырып жұмыс істеуі;
- 11) үнемділік пен тиімділік қағидаттарына негізделеді.

12) алынып тасталды - ҚР 15.04.2013 N 89-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.06.18 N 262; 15.04.2013 N 89-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-тарау. Жеке-дара қолданылатын құқықтық актінің орындалуын ұйымдастыру және бақылау тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 06.04.2016 № 481-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4-бап. Мемлекеттік органдардың өз функцияларын жүзеге асыруы кезінде шешімдер қабылдауы

Ескерту. 4-бап алып тасталды - ҚР 06.04.2016 № 481-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5-бап. Құқықтық актілерге және олардың ресімделуіне қойылатын талаптар

Ескерту. 5-бап алып тасталды - ҚР 06.04.2016 № 481-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6-бап. Жеке-дара қолданылатын құқықтық актінің орындалуын ұйымдастыру және бақылау

1. Жеке-дара қолданылатын құқықтық актінің орындалуын ұйымдастыру тиісті уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамының қабылданған шешімді уақтылы және тиянақты орындау жөніндегі шараларды әзірлеуі мен қабылдауы болып табылады.

2. Қажет болған жағдайда, жеке-дара қолданылатын құқықтық актінің орындалуын қамтамасыз ету үшін уәкілетті мемлекеттік орган (лауазымды адам) оны орындау жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының жоспарын әзірлеп, бекітеді және ол тікелей орындаушылардың назарына жеткізіледі.

3. Егер жеке-дара қолданылатын құқықтық актіде оны орындаудың нақты мерзімдері мен тікелей орындаушылары айқындалмаса, онда оларды орындаушы мемлекеттік орган немесе жоғары тұрған орган белгілейді және олар тікелей орындаушылардың назарына дереу жеткізіледі.

4. Қабылданған шешімдерді уақтылы және тиянақты орындау мақсатында мемлекеттік орган немесе лауазымды адам олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда - ҚР 06.04.2016 № 481-V Занымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7-бап. Мемлекеттік органның жеке-дара қолданылатын құқықтық актісінің, Қазақстан Республикасы Президенті, Қазақстан Республикасы Үкіметі тапсырмаларының орындалуына ішкі бақылауды жүзеге асыру тәртібі

1. Ішкі бақылау:

1) жеке-дара қолданылатын құқықтық актілердің (орындалуы жеке-дара қолданылатын құқықтық актілерде көзделген іс-шаралардың) орындалуына бақылау болып бөлінеді. Бұл жағдайда орындалуға жататын іс-шаралар қамтылатын барлық жеке-дара қолданылатын құқықтық актілер бақылауға алынады;

2) Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі және қызметтік сипаттағы өзге де құжаттардан туындейтын мемлекеттік органның басшы лауазымды адамдары тапсырмаларының орындалуын бақылау болып бөлінеді.

2. Ішкі бақылау:

- 1) қажетті ақпаратты талап етіп алдыру;
- 2) орындалуы туралы есептер мен баяндамаларды тыңдау және талқылау;
- 3) ревизия және құжаттамалық тексерудің өзге де нысандары;
- 4) сол жерге бару арқылы тексеру;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да тәсілдер арқылы жүргізіледі.

3. Ішкі бақылау мынадай өлшемдер бойынша жүргізіледі:

1) құрылымдық, аумақтық бөлімшелер, ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік органдар мен ұйымдар және олардың лауазымды адамдары қызметінің өздерінің алдына қойылған міндеттерге сәйкестігі;

2) орындаудың уақтылығы және толықтыры;

3) орындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының сақталуы.

4. Құшіне енген жеке-дара қолданылатын құқықтық актінің не Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі және қызметтік сипаттағы өзге де құжаттардан туындейтын мемлекеттік органның басшы лауазымды адамдары тапсырмаларының орындалуына бақылауды жүзеге асыруға үәкілеттік берілген лауазымды адам не мемлекеттік органның тиісті құрылымдық бөлімшесі қажет болған кезде бақылау жөніндегі іс-шараларды өзірлейді.

Бұл ретте бақылауды жүзеге асыруға үәкілдегі берілген лауазымды адам не мемлекеттік органның тиісті құрылымдық бөлімшесі оның орындалуы туралы келіп түсетін ақпаратты:

- 1) жеке-дара қолданылатын құқықтық актінің орындалу дәрежесі мен сапасын;
- 2) жеке-дара қолданылатын құқықтық актіні орындауда ауытқушылықтардың бар-жоғын, олардың себептерін және ауытқушылықтарды жою үшін ықтимал шаралар белгілеуді;
- 3) бақылаудан алу не орындалу мерзімін ұзарту мүмкіндігін;
- 4) жеке-дара қолданылатын құқықтық актіні орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін нақты лауазымды адамдардың жауаптылығын айқындау үшін талдайды.

Ақпаратты талдау қорытындылары бойынша тұжырымдалған ұсыныстар тиісті шешім қабылдау үшін мемлекеттік органның басшылығына баяндалады. Ақпаратқа талдау жүргізген мемлекеттік органның орындаушыларына қабылданған шешім туралы хабарланады.

5. Құқықтық актіде көзделген іс-шараларды бақылаудан алуды және олардың орындалу мерзімдерін ұзартуды мемлекеттік органның басшылығы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларын бақылаудан алу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6. Жоғары тұрған мемлекеттік органның не орындаушы органның бақылау қызметі жеке-дара қолданылатын құқықтық актіде белгіленген орындалу мерзімі өткенге дейін мемлекеттік органның регламентінде айқындалатын тәртіппен орындаушыға тиісті жазбаша еске салу жібереді.

Ішкі бақылауды ұйымдастырудың және жүзеге асырудың қосымша мәселелерін мемлекеттік органның өзі не оған қатысты жоғары тұрған мемлекеттік орган айқындауы мүмкін.

Осы тармақтың күші Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес жүргізілетін ішкі бақылау бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі үәкілдегі берген орган жүзеге асыратын ішкі бақылауға қолданылмайды.

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - ҚР 06.04.2016 № 481-V Занымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8-бап. Мемлекеттік органдардың құқықтық актілерінің күшіне енуі және қолданылуының тоқтатылуы

Ескерту. 8-бап алып тасталды - КР 06.04.2016 № 481-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТАҮРУ РӘСІМДЕРІ

9-бап. Мемлекеттік органдардың жұмысын жоспарлау

1. Мемлекеттік органдар өз қызметін стратегиялық және операциялық жоспарларға, сондай-ақ қажет болған жағдайда тоқсанға, бір жылға және ұзақ мерзімді перспективаға арналып жасалатын жұмыс жоспарларына сәйкес жүзеге асырады.

2. Стратегиялық жоспарларды әзірлемейтін мемлекеттік органдар өз қызметін тоқсанға, бір жылға және ұзақ мерзімді перспективаға арналып жасалатын жұмыс жоспарларына сәйкес жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік органның жұмыс жоспарлары органның құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстары негізінде және құқықтық және нормативтік құқықтық актілерді орындау үшін алдын ала жасалады.

Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелері өз жұмыс жоспарларын осы органның жұмыс жоспарының негізінде жасайды.

Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - КР 2010.04.02 № 263-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-1-бап. Регламент, мемлекеттік орган және мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі туралы ереже

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - 15.04.2013 N 89-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Алып тасталды - КР 06.04.2016 № 481-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Алынып тасталды - КР 15.04.2013 N 89-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Алынып тасталды - КР 15.04.2013 N 89-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Алынып тасталды - КР 15.04.2013 N 89-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4-1. Мемлекеттік органның мәртебесі мен құзыреті мемлекеттік орган туралы ережемен айқындалады.

Мемлекеттік орган туралы ережені әзірлеу мен бекіту жөніндегі нұсқаулықты Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Мемлекеттік орган туралы үлгілік ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша бекітеді.

5. Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесінің мәртебесі мен өкілеттігін айқындау мәселелері бойынша ереже бекітіледі.

Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі туралы ережені әзірлеу және бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ескерту. 9-1-баппен толықтырылды - ҚР 2007.06.18 N 262, жаңа редакцияда - ҚР 2010.04.02 № 263-IV (01.01.2010 бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерістер енгізілді - 2011.07.05 N 452-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілетін), 2011.07.21 N 468-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 15.04.2013 N 89-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2016 № 481-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен; 03.07.2017 № 86-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

9-2-бап. Мемлекеттік органның функциялары

Мемлекеттік органның функциялары стратегиялық, реттеу, іске асыру және бақылау функциялары болып бөлінеді:

жоспарлы құжаттарды әзірлеу, қабылдау, мемлекеттік жоспарлау жүйесін айқындау, халықаралық қатынастарды, ұлттық қауіпсіздік пен қорғаныс қабілеттілігін қамтамасыз ету жөніндегі функциялар стратегиялық функциялар болып табылады;

мемлекеттік функциялардың іске асырылуын нормативтік құқықтық қамтамасыз ету, нормативтік құқықтық актілерді тіркеу және олардың орындалуына талдау жүргізу, мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру, мемлекеттік активдерді басқару жөніндегі функциялар реттеушілік функциялар болып табылады;

жоспарлы құжаттарды, нормативтік құқықтық актілерді орындауға, мемлекеттік органның жоспарлы құжаттарында көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге, мемлекеттік қызметтер көрсетуге, рұқсат беруге құжаттарын (лицензиялауды, тіркеуді, сертификаттауды қоса алғанда) беруге бағытталған функциялар іске асыру функциялары болып табылады;

жеке және занды тұлғалар, оның ішінде мемлекеттік мекемелер қызметінің нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарға, ал Қазақстан

Республикасының заңдарында көзделген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан тексеру және бақылау жөніндегі функциялар бақылау функциялары болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президентіне есеп беретін мемлекеттік органдардың құрылымында функцияларды стратегиялық, реттеушілік, іске асыру және бақылау деп бөлуді - Қазақстан Республикасының Президенті, ал орталық атқарушы органдарда Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындейдь.

Мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заңнамасында өздеріне көзделмеген функцияларды жүзеге асыруына тыйым салынады.

Ескерту. 9-2-баппен толықтырылды - ҚР 2007.07.27 N 315, өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.07.17 N 188-IV (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

9-3-бап. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру

1. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға берудің негізгі мақсаттары:

1) бәсекелес ортаны дамытуға және жетілдіруге жәрдемдесу;

2) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын жүзеге асырудың тиімділігі мен сапасын арттыру;

3) мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру;

4) оңтайландыру болып табылады.

2. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға берудің негізгі қағидаттары:

1) азаматтардың, бизнес-қоғамдастық пен мемлекеттің мұдделері тендерімін сақтау;

2) азаматтардың, бизнес-қоғамдастық пен мемлекеттің құқықтары мен заңды мұдделерін тен дәрежеде қорғауды қамтамасыз ету;

3) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға берудің негізділігі мен тиімділігі;

4) бизнес-қоғамдастық пен мемлекеттің орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларының жүзеге асырылуы үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылығы;

5) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру жөніндегі процестердің үздіксіздігі мен тұтастыры, сондай-ақ онымен байланысты оңтайландыру болып табылады.

3. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру мәселелері жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) шешімдері негізінде осы Заңға сәйкес жыл сайынғы негізде жүзеге асырылады.

4. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру:

- 1) аутсорсинг;
- 2) мемлекеттік тапсырма;
- 3) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс;
- 4) пайдаланушылар есебінен беру;
- 5) міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеуді енгізу арқылы жүзеге асырылады.

5. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың аутсорсингті, мемлекеттік тапсырманы және мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру арқылы берілетін функциялары ішінше берілуге жатады.

6. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функцияларын іріктеу орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру үшін іріктеу әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

7. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру үшін іріктеудің негізгі өлшемшарттары:

- 1) халықтың мұдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын жүзеге асырудың тиімділігі мен сапасын арттыру мүмкіндігі;
- 2) нарықтың дайын болуы немесе бәсекелес ортаның болуы;
- 3) нарықты дамытудың әлеуетті мүмкіндігі болып табылады.

8. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың конституциялық құрылышты қорғауға, қоғамдық тәртіпті сақтауға және қамтамасыз етуге, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын қорғауға және қамтамасыз етуге бағытталған, қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуі, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыру

жөніндегі, сондай-ақ ұлттық, ақпараттық қауіпсіздік, мемлекеттік құпияларды қорғау, қорғаныс, көші-қон, мемлекеттік статистика салаларындағы функцияларын және берілуі мемлекеттің мүдделеріне залал келтіруі мүмкін өзге де функцияларды бәсекелес ортаға беруге тыйым салынады.

9. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциялары іріктелгеннен кейін орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциясының құнын айқындау әдістемесіне сәйкес орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар функциясының құнын есептеу жүзеге асырылады.

10. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру кезінде оңтайландыру түрғысынан есептеме жүргізіледі.

11. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функцияларын жүзеге асыру үшін нарықтың дайын болуын талдау орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциялары бойынша нарықтың дайын болуына талдау жүргізу әдістемесіне сәйкес жүргізіледі.

12. Мониторинг осы Заңның 9-9-бабына сәйкес жүргізіледі.

13. Пайдаланушыларға және бәсекелес ортаға ақпарат беру мақсатында мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті органның және Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының интернет-ресурстарында мынадай мәліметтер:

1) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функцияларының тізбесі;

2) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларының, олардың қандай нормативтік құқықтық актімен берілгені көрсетілген тізілімі;

3) Комиссияның шешімі, мониторинг нәтижелері және мониторинг қорытындылары бойынша орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне қайтарылған орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар функцияларының, олардың қандай нормативтік құқықтық актімен қайтарылғаны көрсетілген тізбесі орналастырылады және кейіннен жаңартылып отырады.

Ескерту. 3-тарау 9-3-баппен толықтырылды - ҚР 19.04.2019 № 250-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 25.11.2019 № 272-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-4-бап. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын аутсорсинг арқылы бәсекелес ортаға беру

Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функциялары Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес аутсорсинг арқылы бәсекелес ортаға оларды жүзеге асыру үшін беріледі.

Ескерту. 3-тарау 9-4-баппен толықтырылды - ҚР 19.04.2019 № 250-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9-5-бап. Орталық атқарушы органдардың функцияларын мемлекеттік тапсырма арқылы бәсекелес ортаға беру

Ескерту. 9-5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 25.11.2019 № 272-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Орталық атқарушы органдардың функциялары Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген, мемлекеттік тапсырманы өзірлеу және орындау тәртібіне сәйкес мемлекеттік тапсырма арқылы бәсекелес ортаға беріледі.

2. Мемлекеттік тапсырманы орындау республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі мен мемлекеттік тапсырманы орындаушы арасында нәтижелер көрсеткіштері көрсетілген азаматтық-құқықтық мәмілені жасасу арқылы бекітілген республикалық бюджеттік бағдарламаларды іске асыру шенберінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тарау 9-5-баппен толықтырылды - ҚР 19.04.2019 № 250-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 25.11.2019 № 272-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-6-бап. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы бәсекелес ортаға беру

Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы бәсекелес ортаға беру Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тарау 9-6-баппен толықтырылды - ҚР 19.04.2019 № 250-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9-7-бап. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын пайдаланушылар есебінен бәсекелес ортаға беру

Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функциялары орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың құзыретінен

функцияларды алып тастау арқылы бәсекелес ортаға беріледі және пайдаланушылар есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тaraу 9-7-баппен толықтырылды - ҚР 19.04.2019 № 250-VI

Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9-8-бап. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын міндettі мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеуді енгізу арқылы бәсекелес ортаға беру

1. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын кәсіпкерлік немесе кәсіптік қызмет саласында міндettі мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беру өзін-өзі реттейтін ұйымдардың дайындығы расталғаннан кейін қамтамасыз етіледі.

2. Өзін-өзі реттейтін ұйымдардың орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын жүзеге асыруға дайындығы пайдаланушылар, орындаушылар және мемлекет үшін пайда мен шығасыларды айқындау мақсатында нарықтың дайын болуына талдау жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі

Ескерту. 3-тaraу 9-8-баппен толықтырылды - ҚР 19.04.2019 № 250-VI

Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9-9-бап. Мониторинг

1. Мониторингтің мақсаты орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларының жүзеге асырылуын байқау болып табылады.

2. Мониторингтің нәтижелері орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын бәсекелес ортада жүзеге асырудың түйінді көрсеткіштерін салыстыру және тиісті шешімдер мен шаралар қабылдау үшін пайдаланылады.

3. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың жүзеге асырылуын мониторингтеуді қоспағанда, мониторинг:

1) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын жүзеге асыру мәселелері бойынша жеке және занды тұлғалардың өтініштерін талдауға;

2) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын жүзеге асыру мәселелері бойынша бәсекелес ортадан, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасынан алынған ақпаратты талдауға;

3) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын жүзеге асыру мәселелері бойынша деректерді жинау және талдау жүйесіне;

4) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар мен мұдделі тұлғалар жүргізетін нарықтың дайын болуын талдауға негізделеді.

4. Квазимемлекеттік сектор субъектілерін қоспағанда, мониторингті орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар мен мұдделі тұлғалар осы Занға сәйкес жүргізеді.

5. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларының жүзеге асырылуына тәуелсіз бағалауды алу үшін Комиссияның ұсыныстары негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы тартылады.

6. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың жүзеге асырылуына мониторинг Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган бекітетін , мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асырылуына мониторинг жүргізу қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

7. Аутсорсингтің, мемлекеттік тапсырманың, пайдаланушылар есебінен берудің жүзеге асырылуына мониторинг орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларының жүзеге асырылуына мониторинг жүргізу қағидаларына сәйкес нәтижелілік пен процесс өлшемшарттары негізінде жүргізіледі.

Нәтижелілік өлшемшарттары орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын жүзеге асырудың орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар белгілеген түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізуді айқындайды.

Процесс өлшемшарттары орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларының жүзеге асырылуын бағалауды орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын жүзеге асыру мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, бәсекелес ортадан, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасынан алынған ақпаратты талдаудың негізінде айқындайды.

8. Мониторинг жүргізу кезінде орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы орындаушылардан мемлекеттік құпияларды, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда, орталық және (

немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын жүзеге асыру саласына қатысты қажетті ақпарат олардың интернет-ресурстарында болмаған жағдайда осы ақпаратты сұратуға құқылы.

Ескерту. 3-тарау 9-9-баппен толықтырылды - ҚР 19.04.2019 № 250-VI

Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9-10-бап. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын қайтару

1. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар мониторинг нәтижелері бойынша орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функциясының сапасыз жүзеге асырылғанын анықтаған жағдайда, орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар бұл туралы бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті органды және Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасын хабардар етеді.

2. Мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті орган хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функциясының сапасыз жүзеге асырылғаны туралы мәселені Комиссияның қарауына шығарады.

3. Комиссия орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын қайтару туралы шешім қабылдаған кезде, мыналар:

1) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың ішінера беруі шенберінде – мұндай функцияларды қайтару Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен, орындаушымен жасалған шартты бұзу арқылы қамтамасыз етіледі;

2) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың толық беруі шенберінде – мұндай функцияларды қайтару үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нормативтік құқықтық актінің жобасын әзірлеу жөніндегі шаралар қабылданады.

Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын қайтару үшін Комиссияның ұсынымынан кейін орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының Үкіметіне орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдарға функцияларды қайтаруды қамтамасыз ету үшін қажетті нормативтік құқықтық актінің жобасын әзірлеу туралы ұсыныстар енгізеді.

4. Міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеу мақсатына қол жеткізілмеген жағдайда, рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібінің

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес құші жойылуға жатады.

Ескерту. 3-тaraу 9-10-баппен толықтырылды - ҚР 19.04.2019 № 250-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9-11-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;

2) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Ескерту. 3-тaraу 9-11-баппен толықтырылды - ҚР 19.04.2019 № 250-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9-12-бап. Мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті орган:

1) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайынғы негізде ақпарат береді;

3) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар функцияларының аутсорсингін жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

4) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

5) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру үшін іріктеу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

6) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциясының құнын айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

7) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциялары бойынша нарықтың дайын болуына талдау жүргізу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

8) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларының жүзеге асырылуына мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

9) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру бойынша орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың қызметіне әдістемелік көмек беруді және үйлестіруді жүзеге асырады;

10) нарықтың дайын болуына орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың жүргізген талдауына сараптамалық қорытындылар дайындайды және береді;

11) өз құзыреті шегінде орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар ұсынатын функцияларын іріктеу нәтижелеріне сараптама жүргізеді;

12) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар жүргізген, оңтайландыру түрғысынан ұсынылған есептеме бойынша қорытынды әзірлейді және береді;

13) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген езге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тарау 9-12-баппен толықтырылды - ҚР 19.04.2019 № 250-VI
Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9-13-бап. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың құзыреті

1. Орталық атқарушы органдар:

1) мемлекеттік басқарудың тиісті саласындағы (аясындағы) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру үшін іріктеуді мүдделі тұлғалармен, орындаушылармен және Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп жыл сайынғы негізде жүзеге асырады;

2) мемлекеттік басқарудың тиісті саласындағы (аясындағы) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциялары бойынша нарықтың дайын болуына талдауды мүдделі тұлғалармен, орындаушылармен және Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп жүргізеді;

3) мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті органға орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру мәселелері бойынша ұсыныстар енгізеді;

4) мемлекеттік басқарудың тиісті саласындағы (аясындағы) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру,

сондай-ақ орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын қайтару мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларын өзірлейді;

5) пайдаланушылардың құқықтары, бостандықтары мен занды мүдделері бұзылған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдайды;

6) орындаушыларды мониторинг нәтижелерімен таныстыруға міндettі;

7) орталық атқарушы органдардың функциялары бәсекелес ортаға берілген кезде, оңтайландыру тұрғысынан есептеме жүргізеді және оны мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті органға келісуге жібереді;

8) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Жергілікті атқарушы органдар:

1) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру үшін іріктеуді мүдделі тұлғалармен, орындаушылармен және Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп жыл сайынғы негізде жүзеге асырады;

2) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциялары бойынша нарықтың дайын болуына талдауды мүдделі тұлғалармен, орындаушылармен және Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп жүргізеді;

3) мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті органға жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру мәселелері бойынша ұсыныстар енгізеді;

4) пайдаланушылардың құқықтары, бостандықтары мен занды мүдделері бұзылған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдайды;

5) орындаушыларды мониторинг нәтижелерімен таныстыруға міндettі;

6) жергілікті атқарушы органдардың функциялары бәсекелес ортаға берілген кезде, оңтайландыру тұрғысынан есептеме жүргізеді және оны мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті органға келісуге жібереді;

7) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесіне орай жергілікті атқарушы органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 3-тaraу 9-13-баппен толықтырылды - ҚР 19.04.2019 № 250-VI
Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

9-14-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының құзыреті

Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы:

1) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциялары бойынша кәсіпкерлік субъектілері мен олардың бірлестіктерінің ұсыныстарын жинауды, талдауды және жариялауды жүзеге асырады;

2) мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті органға, орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдарға орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру мәселелері бойынша ұсыныстар енгізеді;

3) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларының сапасыз жүзеге асырылуы туралы мәселелерді қарауға қатысады;

4) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тарау 9-14-баппен толықтырылды - ҚР 19.04.2019 № 250-VI

Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9-15-бап. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру мәселелері бойынша өзара іс-қимылы

Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, оның ішінде:

1) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру үшін жыл сайынғы негізде іріктеуге;

2) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциялары бойынша нарықтың дайын болуына талдау жүргізуге;

3) кәсіпкерлік субъектілерінің мұдделерін қозғайтын, орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру мәселелері бойынша ұсыныстар тұжырымдау жөніндегі жұмысқа қатысу арқылы өзара іс-қимыл жасайды.

Ескерту. 3-тарау 9-15-баппен толықтырылды - ҚР 19.04.2019 № 250-VI

Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9-16-бап. Орындаушылардың құқықтары мен міндеттері

1. Орындаушылар:

1) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдарға орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратқа сұрау салумен жүтінуге;

2) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциялары бойынша нарықтың дайын болуына балама талдау жүргізуге;

3) мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті органға, орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдарға орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге;

4) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциялары бойынша нарықтың дайын болуына талдау жүргізуге қатысуға;

5) бәсекелес ортаға беру үшін орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын жыл сайынғы негізде іріктеу жүргізуге қатысуға;

6) мониторинг нәтижелерімен танысуға;

7) мониторинг нәтижелері алынған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей, мониторинг нәтижелерімен келіспейтіні туралы жазбаша түсініктер не Комиссияда қаралуға жататын ескертулерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын ұсынуға құқылы.

2. Орындаушылар:

1) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын сапалы жүзеге асыру үшін жағдайлар жасауға;

2) мүмкіндігі шектеулі адамдар орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын алған кезде, олар үшін қажетті жағдайлар жасауға;

3) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдарға, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына мониторинг жүргізу үшін қажетті ақпаратты және (немесе) құжаттарды осы Заңда көзделген жағдайда беруге;

4) пайдаланушыларға орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын жүзеге асыру тәртібі туралы толық және анық ақпарат беруге;

5) пайдаланушылардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге бағытталған шараларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылдауға міндетті.

Ескерту. 3-тарау 9-16-баппен толықтырылды - КР 19.04.2019 № 250-VI

Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9-17-бап. Комиссияның қызметі мен функциялары

1. Орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды тұжырымдау мақсатында консультативтік-кеңесші орган – Комиссия құрылады.

Комиссия құрамына Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, кәсіпкерлік субъектілерінің және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері кіре алады.

2. Комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды тұжырымдайды;

2) мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ұсыныстары негізінде орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын қайтару бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды тұжырымдайды.

3. Комиссияның қызметі туралы ақпарат мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады және кемінде жарты жылда бір рет жаңартылып отырады.

Ескерту. 3-тaraу 9-17-баппен толықтырылды - ҚР 19.04.2019 № 250-VI

Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10-бап. Жеке-дара өкімшілік қызмет

1. Жеке-дара өкімдік қызмет – лауазымды адамдар мемлекеттік органдарда жүзеге асыратын, уәкілетті лауазымды адамдардың жеке-дара қолданылатын құқықтық актілерге жеке-дара қол қоюын, қарамағындағы қызметкерлерге нұсқаулар мен тапсырмалар беруін, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру жөнінде өзге де ұйымдық-өкімдік шараларды жеке-дара қабылдаудың қамтитын қызметі.

2. Мемлекеттік органның басшысы (алқалы мемлекеттік органдарды қоспағанда) сеніп тапсырылған органға басшылықты жеке-дара өкімшілік қызмет жолымен жүзеге асырады және қабылданатын шешімдердің заңдылығы үшін жеке жауапты болады.

3. Жеке-дара өкімшілік қызметті жүзеге асыру кезінде төменгі лауазымды адамдар өздерінің әрекеттерін жоғары түрған лауазымды адамның шешімдерімен қатаң сәйкестікте жүзеге асырады. Егер мемлекеттік функциялар тек қана

жеке-дара өкімшілік қызмет жолымен жүзеге асырылса, бұл жағдайда төменгі лауазымды адамдардың міндеті уәкілетті адамның осы қызметін қамтамасыз ету болып табылады.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 06.04.2016 № 481-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11-бап. Алқалы мемлекеттік органдардың қызметі

1. Шешімдері мемлекеттік органдар мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданатын органдар алқалы мемлекеттік органдар болып табылады. Алқалы орган қабылдайтын шешімдердің зандалығы үшін жауапкершілік, шешімді қабылдаған кезде қарсы дауыс бергендерді қоспағанда, алқалы органның дауыс беруге қатысқан барлық мүшелеріне жүктеледі.

2. Алқалы органдар қызметінің негізгі нысаны олардың отырыстары болып табылады, оларда осы органдардың шешімдері қабылданады.

3. Алқалы мемлекеттік органдардың отырыстарын дайындау және өткізу кезінде уәкілетті органдар (олардың құрылымдық бөлімшелері) мен лауазымды адамдар мынадай мәселелерді шешеді:

1) отырыстарды жоспарлау - осы отырыстарды өткізу жоспары әзірленеді және бекітіледі. Осы жоспар тиісінше тоқсандық және жылдық мерзімге әзірленеді, ал тиісті келісуден кейін оны алқалы органның басшысы не алқалы органның қызметін қамтамасыз ететін органның басшысы бекітеді. Бекітілген жоспар мұдделі органдар мен лауазымды адамдардың назарына жеткізіледі;

2) алқалы мемлекеттік органның отырысына шығарылатын мәселелерді дайындауды, отырысты өткізу жөніндегі өзге де ұйымдық шараларды оның тиісті құрылымдық бөлімшелері не алқалы органның қызметін қамтамасыз ететін орган жүзеге асырады.

4. Отырыстарды жүргізу тәртібі алқалы мемлекеттік органдардың регламенттерімен айқындалады.

5. Алқалы органның отырысы хаттамаға түсіріледі.

6. Отырыста қабылданған шешімдер алқалы мемлекеттік органның регламентіне сәйкес қаулылармен ресімделіп, орындаушылардың назарына жеткізіледі. Қажет болған жағдайда қабылданған шешімдерді іске асыру жөнінде шаралар жоспары жасалып, бекітіледі, олардың орындалуы бақылауға алынады.

11-1-бап. Жобалау қызметі

1. Стратегиялық және (немесе) бағдарламалық құжаттарда белгіленген мақсаттарға қол жеткізу жобалық басқару арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Жобалық басқару жөніндегі уәкілетті орган Мемлекеттік органдарды жобалық басқарудың үлгілік регламентін бекітеді.

Жобалық басқару жөніндегі уәкілетті орган деп жобалық басқару саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган түсініледі.

Ескерту. 11-1-баппен толықтырылды – ҚР 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

12-бап. Мемлекеттік органдарда қызметтік құжаттардың қаралуы мен өтуі

1. Мемлекеттік органға немесе тікелей осы органның басшылығына жолданған қызметтік құжаттар келіп түсіп, іс қағаздарын жүргізу қызметі оларды тіркегеннен кейін басшылыққа беріледі, басшылық оларды қарап, олар бойынша тапсырмалар (қараплар) дайындаиды.

2. Мемлекеттік органның лауазымды адамы мәселені өз қарауына алған кезде қойылған мәселенің шешімі осы органның немесе осы лауазымды адамның құзыretіне жататынына көз жеткізуге тиіс.

3. Егер мәселе белгіленген құзыret шегінен тыс болса, уәкілетті лауазымды адам өтінішті үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өтініш берушіні міндетті түрде хабардар ете отырып, құзыретті мемлекеттік органға немесе лауазымды адамға жіберу туралы шешім қабылдайды.

4. Құжаттарға мемлекеттік органның атынан оның басшысы, оны ауыстыратын адам (осы органда белгіленген қызметтік міндеттерді бөлуге сәйкес) не осы органның өзге уәкілетті лауазымды адамы қол қояды.

5. Мемлекеттік органға қайтаруды қажет ететін құжаттарды жіберу кезінде ол құжатқа осы мемлекеттік органға қайтару қажеттігі туралы белгі қойылады.

6. Мемлекеттік органдарда құжаттардың қаралу мерзімі, егер заңдарда өзгеше белгіленбесе, бір айдан аспауға тиіс.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12-1-бап. Мерзімдерді есептеу

1. Заңнамада белгіленген мерзім құнтізбелік күнмен немесе басталуы сөзсіз болатын оқиға көрсетіле отырып айқындалады. Мерзім жылдармен, тоқсандармен, айлармен, апталармен, күндермен немесе сағаттармен есептелетін уақыт кезеңі ретінде де белгіленуі мүмкін.

2. Жылдармен есептелетін мерзім оның басталуы айқындалған құнтізбелік күннен немесе оқиға басталған күннен басталады және мерзімнің соңғы жылдының тиісті айы мен күнінде аяқталады. Егер мерзімнің аяқталуы тиісті күн саны жоқ айға тұра келсе, онда мерзім сол айдың соңғы күнінде аяқталады.

3. Айлармен есептелеңін мерзім оның басталуы айқындалған күнтізбелік күннен немесе оқиға басталған күннен басталады және мерзімнің соңғы айының тиісті күнінде (күн санында) аяқталады. Егер мерзімнің аяқталуы тиісті күн саны жоқ айға тұра келсе, онда мерзім сол айдың соңғы күнінде аяқталады.

4. Апталармен есептелеңін мерзім оның басталуы айқындалған күнтізбелік күннен немесе оқиға басталған күннен басталады және мерзімнің соңғы аптасының тиісті күнінде аяқталады.

5. Күндермен есептелеңін мерзім оның басталуы айқындалған күнтізбелік күннен немесе оқиға басталған күннен басталады және белгіленген кезеңнің соңғы күнінде аяқталады.

Егер мерзімнің соңғы күні жұмыс емес күнге тұра келсе, одан кейінгі таяу жұмыс күні мерзімнің аяқталу күні болып есептеледі.

6. Сағаттармен есептелеңін мерзім оның басталуы айқындалған оқиға басталған минуттан басталады және белгіленген кезеңнің соңғы минутында аяқталады.

Ескерту. Заң 12-1-баппен толықтырылды - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

13-бап. Ақпарат алмасуға қойылатын талаптар

1. Ақпарат алмасу - мемлекеттік органдар лауазымды адамдарының өз қызмет өкілеттіктерін жүзеге асыруы кезінде зандарда белгіленген тәртіппен ақпаратты жөнелтуі және алуы.

2. Ақпарат алмасуды регламенттейтін рәсімдер:

1) Қазақстанның бірынғай ақпарат кеңістігінің іркіліссіз жұмыс істеуіне, оның әлемдік байланыс пен информтика жүйесіне енуіне;

2) ақпаратты, оның ішінде мемлекеттік ақпарат ресурстарын қоргаудың ұлттық жүйесін нығайтуға көмектесуі тиіс.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдарының шешімдер қабылдауы объективті және алдын алушы ақпаратқа негізделуге тиіс.

3. Мемлекеттік органдар мен олардың бөлімшелері арасындағы ақпарат алмасу өзара ақпараттық ағынның ең аз қажетті көлеміне, берілетін басқарушылық ақпараттың қайталануына жол бермеуге негізделеді.

4. Ақпараттық рәсімдер таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың және мемлекет мұдделерімен байланысты өзге де ақпараттың жария болуына жол бермеуге тиіс.

Таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгі қойылады.

Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Мемлекеттік қызметшілерге қызметтік ақпарат өздеріне жүктелген қызметтік міндеттерді орындау үшін ғана беріледі. Бұл ақпарат қызметтен тыс мақсаттарда пайдаланылмайды.

5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларға жататын мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйелерді қоспағанда, мемлекеттік органдар ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде ақпараттық жүйелерді интеграциялауды жүргізеді.

6. Мемлекеттік органдар мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру және мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде қағаз жеткізгіштегі құжаттарды пайдалануды және оларды ұсыну бойынша талаптарды қысқарту (болғызбау) жөніндегі шаралар қабылдайды.

Әкімшілік рәсімдерді орындау процесінде қағаз жеткізгіштегі құжаттар пайдаланылған жағдайда, мемлекеттік органдар қағаз жеткізгіштегі құжаттарды электрондық құжаттар нысанына аудару жөніндегі шаралар қабылдайды.

Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді- ҚР 2007.06.18 № 262; 16.11.2015 № 404 -V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.11.2015 № 408-V (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

14-бап. Қызметтік құжаттардың орындалуына ішкі бақылау

Ескерту. 14-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 29.10.2015 № 376-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Мемлекеттік орган басшысының немесе өзге де жоғары тұрған лауазымды адамның осы лауазымды адам шығарған актілермен байланысты емес тапсырмаларының орындалуына ішкі бақылау осы мемлекеттік органның тиісті бөлімшелеріне жүктеледі.

2. Қызметтік құжаттар бойынша тапсырмалардың орындалу мерзімдеріне ішкі бақылауды мемлекеттік органның іс қағаздарын жүргізу қызметі жүзеге асырады.

3. Бірнеше орындаушыға берілген тапсырмалардың орындалуын тапсырмада бірінші болып көрсетілген лауазымды адам үйлестіреді.

4. Іс қағаздарын жүргізу қызметі бақылаудағы тапсырманың орындалу мерзімінің аяқталуына дейін тиісті бөлімшеге бұл туралы алдын ала ескертпе жібереді.

5. Тапсырманы орындау үшін қосымша уақыт қажет болған жағдайда орындаушы тапсырманы берген лауазымды адамға орындау мерзімін ұзарту

туралы жазбаша өтініш береді. Тапсырманы орындаудың қосымша мерзімін тапсырманы берген басшы белгілейді.

6. Тапсырманы берген лауазымды адам не өзге уәкілетті лауазымды адам орындалған құжаттарды бақылаудан алады.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.10.2015 № 376-В Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

4-тaraу. АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАНДЫ МУДДЕЛЕРИН ҚОРҒАУ РӘСІМДЕРІ

15-бап. Азаматтардың құқықтарын іске асыру рәсімдеріне қойылатын талаптар

1. Азаматтардың құқықтарын іске асыру рәсімдерінде:

1) азаматтар мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға зандық маңызы бар фактілерді растайтын құжаттардың ең аз санын беруге міндettі болатын құқықтарды іске асыру тәртібі;

2) азаматтардың құқықтарын іске асырудың және олардың занды мұдделерін қамтамасыз етудің ең қысқа мерзімі;

3) азаматтардың құқықтарын іске асыру жөніндегі шешімнің жобасы келісілетін орындардың ең аз саны;

4) тиісті адамның немесе органның істі қарайтын орны мен уақыты туралы азаматтарға алдын-ала хабарлануы;

5) азаматтың өтінішін қарауға байланысты істің материалдарымен оның танысу мүмкіндігі, азаматтың өз өтініші бойынша талқылауға жеке қатысу мүмкіндігі;

6) азаматтың өтінішіне байланысты іс материалдарының басқа лауазымды адамға негізсіз берілуіне жол бермей, азаматтың өтініші жөніндегі істі бір ғана лауазымды адамның жүргізуі;

7) азаматтың өтінішін қарауды мәселенің объективті шешілуіне мұдделі емес деп ойлауға негіз бар адамға жүктеу жағдайларына жол берілмеуі көзделуге тиіс.

2. Азаматтардың құқықтарын іске асыру рәсімдерінде:

1) шағымды берген немесе шағымда мұддесі көзделген адамға зияны тиетіндей етіп шағымның өнін айналдыруға;

2) өтініште іс-әрекеттеріне шағым айтылған лауазымды адамдарға өтінішті жіберуге;

3) азаматтардың жеке өмірі, жеке және отбасылық құпиялары туралы мәліметтерді олардың келісімінсіз жария ету мүмкіндігіне;

4) азаматтың өтінішке қатысы жоқ жеке басы туралы деректерді анықтауға жол берілмеуге тиіс.

15-1-бап. Мемлекеттік қызметтер көрсету

Ескерту. Алынып тасталды - КР 15.04.2013 N 89-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

15-2-бап. Мемлекеттік органдардың жеке және занды тұлғаларға ақпараттық қызметтер ұсынуы

Ескерту. 15-2-бап алып тасталды - КР 16.11.2015 № 404-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

15-3-бап. Хабарлама жасау тәртібі

Ескерту. 15-3-бап алып тасталды - КР 16.05.2014 № 203-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

16-бап. Азаматтардың өтініштері

1. Азаматтардың өтініштер беру, оларды тіркеу тәртібі, олардың мемлекеттік органдарда қаралу мерзімдері Қазақстан Республикасының зандарымен белгіленеді.

2. Исті қарау барысында:

1) мемлекеттік орган мен лауазымды адам өтінішке байланысты нақты мән-жайларды анықтайды және зерттейді, өтініш бойынша шешім қабылдау кезінде басшылыққа алынуы керек құқық нормаларын айқындайды және қажет болған жағдайда шешім қабылдау үшін қажетті құжаттар мен материалдарды белгіленген тәртіппен сұратады және алады;

2) азамат өзінің өтінішін қарайтын лауазымды адамға дәлелдерін жеке баяндауға, сондай-ақ өз өтінішінің негізділігін растайтын қосымша материалдарды табыс етуге құқылы.

3. Азаматтардың мемлекеттік орган бөлімшелеріне жіберілген өтініштерін қарау барысын бақылауды осы бөлімшелердің басшылары жүзеге асырады.

4. Үәкілетті мемлекеттік орган немесе лауазымды адам өтініштерді қарау нәтижелері туралы арыз берушілерге жазбаша түрде дәлелді жауап қайтарады.

5. Азаматтардың өтініштері оларда қойылған мәселелер қаралып, олар бойынша қажетті шаралар қолданылған және арыз берушілерге зандарда белгіленген тәртіппен жауап қайтарылған жағдайда шешілген болып есептеледі.

6. Егер мәселелердің шешілуі ұзақ мерзімге қалдырылса, өтініш ол түпкілікті орындалғанға дейін қосымша бақылауға қойылады.

7. Егер жаңа дәлелдер немесе жаңадан ашылған мән-жайлар болса, арыз беруші мемлекеттік орган (мемлекеттік органдардың лауазымды адамы) зандарда белгіленген тәртіппен қарап қойған мәселе бойынша қайта арыз беруге құқылы. Егер өтініштер бойынша тексеру материалдары толық болса және арыз берушілерге белгіленген тәртіппен жауап қайтарылса, жаңа дәлелдер немесе жаңадан ашылған мән-жайлар көрсетілмей, қайта берілген арыздар тексеруге жатпайды.

8. Мемлекеттік органның басшысы немесе оның орынбасары азаматтардың өтініштері бойынша іс жүргізуді тоқтату және осы істерді бақылаудан алу туралы шешім қабылдауға құқылы.

9. Келіп түскен өтінішті бақылаудан алуға тексеру материалдары қоса берілген өтінішті қарау нәтижелері туралы белгіленген нысандағы құжат (қызметтік жазбахат, анықтама) немесе мемлекеттік органның толық жауабы негіз болып табылады.

17-бап. Азаматтың өтінішін қарау нәтижелері туралы шешімге шағым жасау

1. Өтініш бойынша қабылданған шешімге өтініш беруші жоғары тұрған мемлекеттік органға (жоғары тұрған лауазымды адамға) немесе сотқа шағым жасауы мүмкін.

2. Лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), сондай-ақ мемлекеттік органдардың актілеріне (шешімдеріне) шағым беру және оны қарау тәртібі осы Занда белгіленеді.

Ескерту. 17-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.10.2015 № 376-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

18-бап. Шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың өтініштері

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өтініштерді қараудың өзгеше ережелері көзделмесе, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың өтініштері зандарда белгіленген тәртіппен қаралады.

19-бап. Жеке қабылдау

1. Мемлекеттік органдардың бірінші басшылары мен олардың орынбасарлары тиісті мемлекеттік органның басшысы бекітетін қабылдау кестесіне сәйкес азаматтарды, соның ішінде сол органдардың қызметкерлерін айна кемінде бір рет жеке қабылдауға міндettі.

2. Азаматтарды қабылдау белгіленген және азаматтардың назарына жеткізілген күндер мен сағаттарда жүргізіледі.

3. Егер арызды немесе шағымды лауазымды адам қабылдау кезінде шеше алмайтын болса, олар жазбаша нысанда баяндалады және олармен жазбаша өтініштер ретінде жұмыс жүргізіледі.

20-бап. Азаматтардың өтініштері бойынша іс қағаздарын жүргізу

1. Азаматтардың өтініштері бойынша іс қағаздарын жүргізу зандарда белгіленген тәртіппен іс қағаздарын жүргізуіндің басқа түрлерінен бөлек жүргізіледі.

2. Азаматтардың өтініштерімен жұмысты ұйымдастыруға, іс қағаздарын жүргізуіндің жай-күйіне органдардың басшылары жеке жауапты болады.

4-1-тaraу. Лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және мемлекеттік органдардың актілеріне (шешімдеріне) шағым жасау

Ескерту. Заң 4-1-тараумен толықтырылды - ҚР 29.10.2015 № 376-В Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

20-1-бап. Лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және мемлекеттік органдардың актілеріне (шешімдеріне) шағымдарды қарайтын органдар

1. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), сондай-ақ мемлекеттік органдардың актілеріне (шешімдеріне) шағымды қарауды жоғары тұрған мемлекеттік орган (жоғары тұрған лауазымды адам) жүргізеді.

2. Жоғары тұрған мемлекеттік органға (жоғары тұрған лауазымды адамға) шағым беру дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын және (немесе) заңды мұдделерін қорғау үшін сотқа жүгінуге кедергі келтірмейді.

3. Лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және мемлекеттік органдардың актілеріне (шешімдеріне) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен сотқа шағым жасалады.

20-2-бап. Лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және мемлекеттік органдардың актілеріне (шешімдеріне) шағым беру тәртібі мен мерзімдері

1. Лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), сондай-ақ мемлекеттік органдардың актілеріне (шешімдеріне) шағым әрекеттердің (әрекетсіздіктің) жасалғаны немесе актінің (шешімнің) қабылданғаны туралы тұлғаға белгілі болған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей жоғары тұрған мемлекеттік органға (жоғары тұрған лауазымды адамға) беріледі.

Берілген шағым тіркелуге жатады.

Берілу тәсіліне қарай:

1) келу тәртібімен – жоғары тұрған мемлекеттік органның шағымды алған күні;

2) пошта арқылы – пошта байланысы немесе өзге де байланыс үйіміның қабылдағаны туралы белгі қойылған күн жоғары тұрған мемлекеттік органға (жоғары тұрған лауазымды адамға) шағым берілген күн болып табылады.

Егер шағым мерзім өткенге дейін поштаға немесе оны қабылдауға уәкілеттік берілген тұлғаға берілсе, мерзімі өтіп кеткен деп есептелмейді. Шағымның поштаға берілу уақыты – пошта штемпелі бойынша, ал оны қабылдауға уәкілеттік берілген тұлғаға берілу уақыты осы үйымдар кеңесінің немесе лауазымды адамдарының қойған белгісі бойынша айқындалады.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзімді дәлелді себеппен өткізіп алған жағдайда, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе

, шағым беруші тұлғаның өтінішхаты бойынша бұл мерзімді шағымды қарайтын жоғары тұрған мемлекеттік орган (жоғары тұрған лауазымды адам) қалпына келтіруі мүмкін.

Шағым берудің өтіп кеткен мерзімін қалпына келтіру мақсатында жоғары тұрған мемлекеттік орган (жоғары тұрған лауазымды адам) ауруды, еңсерілмейтін күштің мән-жайларын және тұлғаны шағым беру мүмкіндігінен айыратын өзге де себептерді дәлелді себептер ретінде таниды.

Бұл ретте тұлға шағым берудің өтіп кеткен мерзімін қалпына келтіру туралы өтінішхатқа осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген дәлелді себептердің болғанын растайтын құжатты қоса беруге тиіс.

3. Шағым жасау үшін өтіп кеткен мерзім жоғары тұрған мемлекеттік орган (жоғары тұрған лауазымды адам) үшін шағымды қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылмайды. Мерзімді өткізіп алу себептері шағымды мәні бойынша қарау кезінде анықталады және шағымды қанағаттандырудан бас тарту негіздерінің бірі болып табылуы мүмкін.

4. Жоғары тұрған мемлекеттік органға (жоғары тұрған лауазымды адамға) шағым берген тұлға осы шағым бойынша шешім қабылданғанға дейін өзінің жазбаша өтініші негізінде оны кері қайтарып алуы мүмкін. Тұлғаның шағымды кері қайтарып алуы, егер Қазақстан Республикасының зандарында өзгеше көзделмесе, мерзімдері сақталған жағдайда оны қайта шағым беру құқығынан айырмайды.

20-3-бап. Шағымның нысаны мен мазмұны

1. Шағым жазбаша нысанда беріледі.

2. Шағымда:

1) шағым берілетін жоғары тұрған мемлекеттік органның атауы (жоғары тұрған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәланыратын құжатта көрсетілсе);

2) шағым беруші жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәланыратын құжатта көрсетілсе) және тұрғылықты жері не занды тұлғаның толық атауы және орналасқан жері;

3) жеке тұлға үшін жеке сәйкестендіру нөмірі немесе занды тұлға (филиалы мен өкілдігі) үшін бизнес сәйкестендіру нөмірі;

4) актісіне (шешіміне) шағым жасалып отырған мемлекеттік органның атауы немесе әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәланыратын құжатта көрсетілсе);

5) шағым беруші тұлға өзінің талаптарын негіздейтін мән-жайлар және дәлелдемелер;

6) шағым берілген күн;

7) шағымға қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетілуге тиіс.

3. Шағымда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген және (немесе) шағымды мәні бойынша шешу үшін маңызы бар өзге мәліметтер де көрсетілуі мүмкін.

4. Шағымға тікелей оны беретін адам не оның өкілі болып табылатын адам қол қояды.

20-4-бап. Шағымдарды қараудың жалпы қағидалары

1. Тұлғаның шағымы бойынша жоғары тұрган мемлекеттік орган (жоғары тұрган лауазымды адам) шағым тіркелген күннен бастап отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімде уәжді шешім шығарады.

2. Шағым қаралған кезде онда жазылған дәлелдер жан-жақты тексеріледі, қажет болған жағдайда тиісті лауазымды адамдардан, ұйымдардан және азаматтардан лауазымды адамдардың шағым жасалып отырған әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), мемлекеттік органдардың шағым жасалып отырған актілеріне (шешімдеріне) қатысты түсіндірмелермен бірге қосымша материалдар талап етіп алдырылады.

3. Шағым оның мазмұны шегінде қаралады.

4. Жоғары тұрган мемлекеттік орган (жоғары тұрган лауазымды адам) шағымды қарау бойынша өз өкілеттіктерін жүзеге асырған кезде оның қызметіне араласуға және шағымды қарауға қатысы бар лауазымды адамдарға қандай да бір ықпал жасауға тыйым салынады.

5. Лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және мемлекеттік органдардың актілеріне (шешімдеріне) шағымдарды қараудың ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

20-5-бап. Шағымның берілуіне байланысты лауазымды адамның әрекетін, мемлекеттік орган актісінің (шешімінің) орындалуын тоқтата тұру

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда, шағым беру лауазымды адамның әрекетін, мемлекеттік органның шағым жасалып отырған актісінің (шешімінің) орындалуын тоқтата тұрады. Өзге де жағдайларда шағым келтіру, егер мұны шағымды қарайтын жоғары тұрган мемлекеттік орган (жоғары тұрган лауазымды адам) қажет деп тапса, лауазымды адамның әрекетін, мемлекеттік органның шағым жасалып отырған актісінің (шешімінің) орындалуын тоқтата тұруға экеп соғуы мүмкін.

20-6-бап. Шағымды қарау нәтижелері бойынша шешімдер

1. Шағымды мәні бойынша қарау аяқталған соң жазбаша нысанда уәжді шешім шығарылады, ол шағым берген тұлғаға жіберіледі немесе тапсырылады, ал шешімнің көшірмесі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға немесе актісіне (шешіміне) шағым жасалып отырған мемлекеттік органға жіберіледі.

2. Шағымды қарau нәтижесінде шағымды толық немесе ішінара қанағаттандыру туралы не шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдануы мүмкін. Бұл ретте, егер бұл шағым берген тұлғаның немесе мұддесіне орай берілген тұлғаның жағдайын нашарлатуға әкеп соқса, бұрын шығарылған шешім өзгертілмейді.

3. Шағым берген тұлға шағым бойынша қабылданған шешім туралы және оған одан әрі шағым жасау тәртібі туралы хабардар етілуге тиіс. Шағымды қанағаттандырудан бас тарту уәжді болуға тиіс.

20-7-бап. Шағымды қарau нәтижелері бойынша шешімнің нысаны мен мазмұны

1. Шағымды қарau нәтижелері бойынша шешімде:

1) шешім қабылданған күн;

2) шағымды қарайтын жоғары тұрған мемлекеттік органның (жоғары тұрған лауазымды адамның) атауы;

3) шағым берген жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәланыратын құжатта көрсетілсе) не заңды тұлғаның толық атауы;

4) жеке тұлға үшін жеке сәйкестендіру нөмірі немесе заңды тұлға (филиалы мен өкілдігі) үшін бизнес сәйкестендіру нөмірі;

5) лауазымды адамның шағым жасалып отырған әрекетінің (әрекетсіздігінің) немесе мемлекеттік органның шағым жасалып отырған актісінің (шешімнің) қысқаша мазмұны;

6) шағымның мәні;

7) жоғары тұрған мемлекеттік орган (жоғары тұрған лауазымды адам) шағым бойынша шешім шығарған кезде басшылықта алған Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сілтемелермен бірге негізделеме көрсетілуге тиіс.

2. Шешімде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген және (немесе) шағымды мәні бойынша шешу үшін маңызы бар, сондай-ақ қабылданған шешімге негіз болған өзге де мәліметтер көрсетілуі мүмкін.

5-тарау. ЭКОНОМИКА САЛАСЫНДА ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУДЫҢ НЕГІЗГІ РӘСІМДЕРІ

21-бап. Экономика саласында шешімдер қабылдау рәсімдеріне қойылатын негізгі талаптар

1. Экономика саласында шешімдер қабылдау рәсімдері:

1) жария және ашық (заңдармен белгіленген шектерде) болуға;

2) мемлекеттік мүлікті жекешелендіруге қатысатын, мемлекеттің жұмыстарын атқаруға және қызметтер көрсетуге, тауарлар сатуға, кредиттер алуға үміткер азаматтар мен ұйымдарға қатысты тендерлік бастауларға негізделуге;

3) меншік нысанына және өзге де мән-жайларға қарамастан, шаруашылық қызмет субъектілерінің заң түрғысынан теңдігі принципіне негізделуге;

4) мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде уәжді түрде бас тартуды ұсынбаған жағдайда рұқсаттардың автоматты түрде берілетіндігін қамтуға тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген талаптар:

1) респубикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттарын бөлуге (оның ішінде мемлекеттік тапсырыстарды орналастыру мен мемлекеттік сатып алу кезінде), кредиттік ресурстарды бөлуге;

2) рұқсаттар беруге;

3) шаруашылық қызмет субъектілеріне заңдарда белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтар беруге;

4) мемлекеттік мұлікті жекешелендіруге;

5) мемлекеттік активтерді басқаруға байланысты шешімдер қабылдау рәсімдеріне қолданылады.

Ескерту. 21-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі);

16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

22-бап. Экономикалық шешімдер қабылдау саласындағы шектеулер мен тыйымдар

Экономика саласында шешімдер қабылдау рәсімдерінде:

1) мемлекеттік бюджет қаражаттарының мақсатсыз пайдаланылуына;

2) тауарлар мен қызметтер рыногындағы бәсекені шектеуге немесе жоюға;

3) табиғи монополияларды және заң актілерінде көзделген жағдайларда қызметтің жекелеген түрлеріне мемлекет монополиясын қоспағанда, жекелеген шаруашылық жүргізуі субъектілердің рыноктағы монополиялық жағдайына;

4) заң актілерінде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының біртұтас рыноктық кеңістігі шегінде капиталдың, еңбек ресурстары мен тауарлардың еркін қозғалуына кедергілер белгілеуге;

5) ел экономикасындағы қазақстандық тауар өндірушілердің үлесін негізсіз төмендетуге жол бермейтін тыйымдар мен шектеулер көзделуге тиіс.

6-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

23-бап. Осы Заңды бұзғаны үшін жауаптылық

Осы Заңды бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

Ескерту. 23-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.06.18 N 262 Заңымен.

24-бап. Осы Заңның өзге нормативтік құқықтық актілермен арақатынасы

1. Осы Заңның ережелері әкімшілік рәсімдердің жекелеген түрлерін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді өзірлеу мен қабылдау үшін негізгі ережелер болып табылады.

2. Осы Заңға сәйкес жекелеген мемлекеттік функцияларды орындау тәртібі туралы заңдарда осы мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру тәртібінің ерекшеліктерін айқындайтын әкімшілік рәсімдер белгіленуі мүмкін.

25-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу

Осы Заң оның ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі, осы мерзім ішінде мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өздерінің әкімшілік рәсімдерді регламенттейтін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерін осы Заңға сәйкес келтіруге тиіс.

Қазақстан
Президенті

Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК